3. Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) /Атауы [мәтін]1. Талап қоюшылардың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (атауы) [мәтін]

6-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (танысу)

1. Судьяға жіберген күні [күні]
2. Іс осы уақытта қарауындағы судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) [мәтін]
3. Қараусыз қайтарылған күні [күні]
4. Қайтарудың себебі [мәтін]
5. Барлығы апелляциялықтар кері қайтарылды [сөздік деректемесі]
6. Апелляциялық шағымды, наразылықты кері қайтарған күні [күні]
7. Барлық жекелер кері қайтарылды [сөздік деректемесі]
8. Жеке шағымдарды, наразылықтарды кері қайтарған күні [күні]
9. Қайта қараудан бас тарту туралы қаулының күні [күні]
10. Токтату күні [күні]

11. Соттылығы бойынша берілген күні [күні]
12. Медиация туралы ұйғарымның шығарылған күні
13. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді жаңарту және қаулыны жою туралы ұйғарымның күні [күні]
14. Жоғары тұрған сатыда күші жойылды
15. Мерзімі бұзылып қаралғаны [сөздік деректемесі]
16. Медиатор судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) [мәтін]
17. Медиатор судьяның қатысуымен тараптардың татуласуы [сөздік деректемесі]
18. Түсіндірме [мәтін]

7-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (соттың отырысы)

1. Сот отырысының күні [күні]
2. Отырыс уақыты [уақыты]
3. Төрағалық етуші судья [мәтін]
4. Сот отырысының хатшысы [мәтін]
5. Адвокат [мәтін]
6. Прокурор [мәтін]
7. Көлік прокуроры [сөздік деректемесі]
8. Сот отырысы залының (кабинетінің) № [мәтін]
9. Бейне -, аудиозаба [сөздік деректемесі]
10. Аудиозаба [сөздік деректемесі]
11. Отырыс кейінгі қалдырылды [сөздік деректемесі]
12. Түсіндірме [мәтін]

8-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (сот қаулысы)

1. Қаулының шығарылған күні [күні]
2. Шешімді қарау нәтижелері [сөздік деректемесі]
3. Ұйғарымдарды қараудың нәтижелері [сөздік деректемесі]
4. Өтініш бойынша шешім [сөздік деректемесі]
5. Апелляциялық шағым бойынша шешім [сөздік деректемесі]
6. Наразылық бойынша шешім [сөздік деректемесі]
7. Жеке шағым бойынша шешім [сөздік деректемесі]
8. Жеке наразылық бойынша шешім [сөздік деректемесі]
9. Апелляциялық қарауды тоқтату туралы қаулы шығарылды [сөздік деректемесі]
10. 1-сатылы сот шешімінің (ұйғарымның) күші жойылды (өзгертілді) [сөздік деректемесі]
11. Шешімнің күшін жоюға немесе өзгертуге негіздері [сөздік деректемесі]
12. Алдыңғы апелляциялық қараудың қаулысы бойынша нәтиже [сөздік деректемесі]
13. Қарар бөлігі [мәтін]

9-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (жеке ұйғарымдар)

1. Шыққан күні [күні]
2. Прокурордың атына жеке ұйғарым [сөздік деректемесі]
3. Мәні [мәтін]
3. Жіберілген күні [күні]
4. Жеке ұйғарым кімге жіберілді [мәтін]
5. Жіберілген күндері
6. Жауаптар

10-бөлім. Іс жүргізудің аяқталуы

1. Хаттаманың құрылған күні [күні]
2. Шешімнің (қаулының) құрылған күні [күні]
3. Шешім (қаулы) көшірмесінің берілген күні [күні]
4. Шешімнің (қаулының) заңды күшіне енген күні [күні]
5. Істің кеңсеге берілген күні [күні]

6. Істің бірінші сатылы сотқа жіберілген күні [күні]
7. Салыстыру жүргізген алқаның маманы [мәтін]
8. Шешімнің күші кассациялық сатыда жойылды [сөздік деректемесі]
9. Шешімнің кассациялық сатыда өзертiлдi [сөздік деректемесі]

11-бөлім. Істің келіп түсу негіздері және істің қаралуы туралы

1. Бірінші сатылы сот [мәтін]
2. Судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) [мәтін]
3. 1-сатылы сот ісінің № [мәтін]
4. Томдардың саны [мәтін]
5. Шешім шығарылған күн [күні]
6. Сот актісінің күні [сөздік деректемесі]
7. Қарау нәтижесі [сөздік деректемесі]
8. Оңайлатылған іс жүргізу тәртібінде қаралды [сөздік деректемесі]
9. Іс жүргізу түрі [сөздік деректемесі]
10. Істің санаты (статесеп үшін) [сөздік деректемесі]
11. Іс санатына қосымша (статесеп үшін) [сөздік деректемесі]
12. Ұсынылған талаптың (талап қоюдың) мәні [мәтін]

12-бөлім. Кассациялық сатыда қарау туралы мәліметтер

1. Істі жоғары тұрған сотқа жолдау күні [күні]
2. Шағым немесе наразылық бойынша жолданды [сөздік деректемесі]
3. Соттың атауы [мәтін]
4. Қарағаннан кейін канцелярияға берген күні [мәтін]
5. 1-сатылы соттың шешімін, қаулысын қайта қарау нәтижесі [сөздік деректемесі]
6. Апелляциялық сатының қаулысын қайта қарау нәтижесі [сөздік деректемесі]
7. Шағым (наразылық) берді [сөздік деректемесі]
8. Шағым бойынша істі қарау нәтижесі [сөздік деректемесі]
9. Назарылық бойынша істі қарау нәтижесі [сөздік деректемесі]
10. Шағымды (наразылықты) кері қайтарған күні [күні]
11. Түсіндірме [мәтін]
12. Жоғары тұрған сотта тыңдау күні [мәтін]

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 30 наурыздағы
№ 52 бұйрығына 6-қосымша

Нысан

Кассациялық сатылы сот қараған азаматтық іске ЭАЕҚ 3

1-бөлім. Назарылықтың, өтініштің (істің) келіп түскені туралы

1. Сот (соттың атауы автоматты режимде көрсетіледі)
2. Алдын ала қарау № (мәтін)
3. Алқаның іс жүргізу № (мәтін)
4. Қайта қарау бойынша іс жүргізу (мәтін)
5. Алғашқы келіп түсу (сөздік деректемесі)
6. Қайталап (сөздік деректемесі)
7. Іс бойынша өтінішхат (наразылық) судьяда жатыр (сөздік деректемесі)
8. Жаңа АПК бойынша (сөздік деректемесі)
9. Шағымдарды, наразылықтарды кім берді [сөздік деректемесі]
10. Шағымдалатын сот актілері [сөздік деректемесі]

11. Істі бөлу санаты (сөздік деректемесі)
12. Сот ісін жүргізудің тілі [сөздік деректемесі]
13. Істің күрделілігі [сөздік деректемесі]
14. Наразылықтың (өтінішхаттың) мәні (мәтін)
15. Қалдық есептік кезең басталғанға дейін іс жүргізуге қабылданды (сөздік деректемесі)
16. Өткен жылдың қалдығы [сөздік деректемесі]
17. Іс жүргізудің түрі (сөздік деректемесі)
18. Істің санаты (статесеп үшін) (сөздік деректемесі)

2-бөлім. Жауапкерге берілген талаптағы сомалар туралы мәліметтер

1. Даулардың жалпы сомасы [мәтін]
2. Негізгі сома [мәтін]
3. Айыппұлдық санкциялар [мәтін]
4. Моральдық зиян [мәтін]
5. Толық төленбеген төлем [мәтін]
6. Өсімақы [мәтін]
7. Айыпақы [мәтін]
8. Өкілдің көмегіне төлем [мәтін]
9. Түсіндірме [мәтін]

3-бөлім. Сот шешімі бойынша өндірілген сомалар туралы мәліметтер

1. 1-сатылы сот шешімі бойынша өндірілген жалпы сома [мәтін]
2. Апелляциялық сатылы сот шешімі бойынша өндірілген жалпы сома [мәтін]
3. Кассациялық сатылы сот шешімі бойынша өндірілген жалпы сома [мәтін]

4-бөлім. Іс жүргізу динамикасы туралы мәліметтер (алдын ала қарау)

1. Бөлімге өтінішхаттарды беру күні (күні)
2. Алқаға беру күні (күні)
3. Судьяға беру күні (күні)
4. Кері қайтарған күні (күні)
5. Кері қайтару себебі (сөздік деректемесі)
6. Қараусыз қалдырған күні (күні)
7. Кері шақыртқан күні (күні)
8. Кім шақыртты (сөздік деректемесі)
9. Алдын ала қарау бойынша шешімнің күні (күні)
10. Соттылығы бойынша қайда берілді (мәтін)
11. Соттылығы бойынша берілген күні (күні)
12. № ... іс жүргізуімен біріктірілді
13. Біріктірілген күні (күні)
14. Алдын ала қарау сатысында кері шақыртылды (сөздік деректемесі)
15. Істі талап ету күні (күні)
16. Талап етілген күндер бойынша еске салулар күні (күні)
17. Істің келіп түскен күні (күні)
18. Алдын ала қарау бойынша шешім (сөздік деректемесі)
19. Мерзімдері бұзылып қаралды (мәтін)
20. Алдын ала қарау бойынша түсіндірме (мәтін)
21. № ... іспен біріктірілді (мәтін)

5-бөлім. Іс жүргізу динамикасы туралы мәліметтер (сот актілерін қайта қарау)

1. Алқаға келіп түскен күні (күні).
2. Шешімді қайта қарау негізі (сөздік деректемесі)
3. Өтінішхат бойынша істі қайта қарау кезінде наразылықтың келіп түскен күні (күні)
4. Қараусыз қайтарылған күні (күні)

5. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша наразылық немесе өтініш бойынша істі қайта қарауға (қайта қараудан бас тартуға) негіздердің болмауы туралы қаулының күні (күні)
6. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өтініш бойынша шешімнің күшін жою туралы немесе кассациялық наразылықты қайта жаңарту туралы қаулының күні (күні)
7. Назылықты немесе өтінішхатты кері шақырту күні (күні)
8. Назылықты кім кері шақыртты (сөздік деректемесі)
9. Өткен жылдан қайта қарау туралы наразылықтың немесе қаулының қалдығы (сөздік деректемесі)
10. Қараусыз қалдырған күні (күні)
11. № ... іс жүргізумен біріктірілді (мәтін)
12. Түсіндірме (мәтін)
13. №... іспен біріктірілді (мәтін)

6-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (соттың отырысы)

1. Шешім шығарылған күні (күні)
2. Прокурордың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (мәтін)
3. Шешім мерзімі бұзылып шығарылды (мәтін)
4. Отырысының күні [күні]
5. Отырыс уақыты [уақыты]
6. Төрағалық етуші судья [мәтін]
7. Сот отырысының хатшысы [мәтін]
8. Адвокат [мәтін]
9. Сот отырысы залының (кабинетінің) № [мәтін]
10. Аудио-, бейнежазба [сөздік деректемесі]
11. Аудиожазба [сөздік деректемесі]
12. Отырыс кейінгі қалдырылды [сөздік деректемесі]
13. Түсіндірме [мәтін]

7-бөлім. Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (сот шешімі)

1. Бірінші сатылы сот шешіміне (ұйғарымына) қатысты сот қаулысы [сөздік деректемесі]
2. Апелляциялық сатылы сот шешіміне (ұйғарымына) қатысты сот қаулысы [сөздік деректемесі]
- . Алдыңғы қадағалау қарауындағы бірінші сатылы сот шешіміне қатысты сот қаулысы [сөздік деректемесі]
4. Алдыңғы қадағалау қарауының қаулысына қатысты сот қаулысы [сөздік деректемесі]
5. Кассациялық сатының қаулысына (ұйғарымына) қатысты қаулы [сөздік деректемесі]
6. Бірінші, апелляциялық немесе қадағалау сатысындағы сот шешімі ... бастап күшін жойды (өзгертілді) (сөздік деректемесі)
7. Шағым бойынша шешім (сөздік деректемесі)
8. Назылық бойынша шешім (сөздік деректемесі)
9. Талап қоюды қараусыз қалдыру негізі (мәтін)
10. ҚР ЖС алдыңғы қаулысын қарау нәтижесі (мәтін)
11. Өзге де қаулылар шығарылды (мәтін)
12. Қарар бөлімі (жаңа шешім) (мәтін)

8-бөлім. Іс жүргізуді аяқтау

1. Судьяның алдын ала қарау қаулысын беру күні (күні)
2. Судьяның қайта қарау бойынша қаулысын беру күні (күні)
3. Сұратылған істің кері қайтарылған күні (күні)
4. Салыстыру жүргізген алқаның маманы
5. Мұрағатқа (кеңсеге) беру күні (күні)
6. Мұрағаттағы (кеңседегі) салыстыру күні (күні)
7. Салыстыру жүргізген мұрағат маманы (мәтін)

9-бөлім. Кассациялық сатыдағы сот шығарған жеке ұйғарымдар

1. Жеке ұйғарымның шығарылған күні [күні]

2. Жеке ұйғарымның мәні [мәтін]
3. Жеке ұйғарымның жолданған күні [күні]
4. Жеке ұйғарым кімге жолданды [мәтін]
5. Жеке ұйғарым бойынша жауаптардың келіп түскен күні [күні]
6. Жауаптардың мәні [мәтін]

10-бөлім. Алдыңғы сатыларда қарау

1. Іс соңғы рет қаралды (сөздік деректемесі)
2. Бірінші сатылы сот (сөздік деректемесі)

11-бөлім. Бірінші сатыда қарау

1. Бірінші сатылы соттың атауы (мәтін)
2. Бірінші сатылы соттың азаматтық ісінің № (мәтін)
- 2.1. Бірінші сатылы соттың іс жүргізу түрі (сөздік деректемесі)
3. Бірінші сатыдағы судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (бар болған жағдайда) (мәтін)
4. Істің санаты (статистикалық есеп үшін) (сөздік деректемесі)
5. Істің санаты (судьялардың маманданымы бойынша) (сөздік деректемесі)
6. Істің санатына қосымша (мәтін)
7. Шешімнің күні (ұйғарым) (күні)
8. Бірінші сатылы соттың шешімі (ұйғарымы) (сөздік деректемесі)
9. Талап қоюдың мәні (мәтін)

12-бөлім. Апелляциялық сатыда қарау

1. Апелляциялық тәртіпте қаралды (сөздік деректемесі)
2. Қаулының күні (күні)
3. Апелляциялық сатылы соттағы судьялардың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) (мәтін)
4. Бірінші сатылы соттың шешіміне және ұйғарымына қатысты сот қаулысы (сөздік деректемесі)
5. Шағым, наразылық бойынша шешім (сөздік деректемесі)
6. Апелляциялық сатыдағы қаулының қарар бөлігі

13-бөлім. Кассациялық сатыда қарау

1. Қаулының күні (күні)
2. Кассациялық сатылы соттағы судья-баяндаушы (мәтін)
3. Бірінші сатылы сот шешімін (ұйғарымын) қарау нәтижесі (мәтін)
4. Апелляциялық сатылы сот шешіміне (ұйғарымына) қатысты сот қаулысы
5. Шағым, наразылық бойынша шешім (сөздік деректемесі)
6. Кассациялық сатыдағы қаулының қарар бөлігі (мәтін)

14-бөлім. Іс бойынша тараптар туралы мәліметтер

1. Түрі [сөздік деректемесі]
2. ЖСН/БСН [мәтін]
3. Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) /Атауы [мәтін]

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 30 наурыздағы
№ 52 бұйрығына 7-қосымша

**Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне
электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын енгізу және
азаматтық-құқықтық саладағы есептерді қалыптастыру туралы нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – ҚР СО АЖ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын (бұдан әрі – ЭАЕҚ) енгізу және азаматтық-құқықтық саладағы есептерді қалыптастыру туралы нұсқаулық ЭАЕҚ енгізудің негізгі ережелерін және оның негізінде бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылы соттардың азаматтық істерді қарау жөніндегі есептерді қалыптастыруды айқындайды.

2. ҚР СО АЖ-не ЭАЕҚ енгізу

2. ЭАЕҚ бірыңғай нысандарын әзірлеуді және енгізуді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі Департаментімен (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының аппараты) (бұдан әрі – ҚР ЖС Департаменті) келісе отырып іске асырады.

3. ҚР СО АЖ-нде ЭАЕҚ-ны ҚР ЖС Департаменті және облыстардағы, республикалық мәні бар қалалардағы оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – сот кеңселері) енгізу мен есепті жүргізеді.

4. Бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылы соттардың қызметі туралы есептерді ҚР СО АЖ ЭАЕҚ деректері негізінде Комитет және оның аумақтық басқармалары қалыптастырады.

5. Соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысы туралы есепті қалыптастыру ЭАЕҚ-ның мынадай түрлерінің негізінде жүзеге асырылады:

1) "Бірінші сатылы сот қараған азаматтық іске (өтінішке) 1 ЭАЕҚ" (бұдан әрі – 1 ЭАЕҚ);

2) "Апелляциялық сатылы сот қараған азаматтық іске 2 ЭАЕҚ" (бұдан әрі – 2 ЭАЕҚ);

3) "Кассациялық сатылы сот қараған азаматтық іске 3 ЭАЕҚ" (бұдан әрі – 3 ЭАЕҚ).

6. ЭАЕҚ-на сот қараған азаматтық іс бойынша (өтініштер, шағымдар, наразылықтар немесе өтінішхаттар) қажетті барлық деректемелер электрондық толтыруға жатады.

3. ҚР СО АЖ-дегі ЭАЕҚ-не түзетулер енгізу

7. ҚР СО АЖ-не енгізілген ЭАЕҚ деректемелеріне түзетулерді ҚР ЖС Департаментінің аумақтық немесе құрылымдық бөлімшелері өз бастамаларымен немесе Комитет пен оның аумақтық басқармаларының бастамасы бойынша жүргізеді.

8. Сот органы Комитетке немесе оның тиісті аумақтық басқармасына жүргізілген түзетулер туралы (өтініштің (азаматтық істің, материалдың) нөмірін, өзгертілетін деректеменің атауын, бұрынғы және жаңа көрсеткішті көрсете отырып) мәліметтерді түзету жүргізілген күннен бастап жазбаша ұсынады, солардың негізінде Комитеттің Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – Комитеттің ББСЖ ААЖ) тексеру жүргізіледі.

9. Бас тарту, құқықтық статистика деректерін ұсынбау, оларды белгіленген мерзімді бұзумен ұсынған, құқықтық статистика деректерін жасырған, қосып жазған, басқа қасақана бұрмалаған, сол сияқты құқықтық статистикалық ақпаратты алуына қандай болса да нысанда кедергі жасаған жағдайда кінәлі адамдардың жауапкершілігі туралы мәселе "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 498-бабына сәйкес қаралады.

4. Бірінші сатылы сотта қаралған азаматтық іске (өтінішке)

1 ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері

10. 1 ЭАЕҚ деректемелері ҚР СО АЖ-де азаматтық істің (өтініштің) материалдарына сәйкес толтырылады.

11. "Өтініштің келіп түсуі туралы мәліметтер" 1-тарауында 2-ден 8,10, 11-ге дейін деректемелерді енгізу міндетті. Басқа деректемелерді істі, өтінішті (материалды) қарау қорытындысы бойынша толтыру қажет.

12. "Іс жүргізу түрі" 4-деректеме істің санатына байланысты толтырылады.

1-бөлімнің "Іс санаты (статистикалық есеп үшін)" 10-деректемесі келесідей толтырылады:

1) іс жүргізу бұйрықтық өндіріске қатысты болса, онда 8-деректеме "Бұйрықтық өндірістегі істер санаты" ҚР СО АЖ нормативтік-анықтамалық ақпаратына (бұдан әрі - ҚР СО АЖ НАА) сәйкес анықталады. Бұйрықтық өндірістегі істер санаты есептің жолдарында Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АПК) 135-бабының талаптарына сәйкес айқындалады;

2) іс жүргізу талап қою ісін жүргізуге қатысты болса, онда 10-деректеме "Талап қою ісін жүргізудің іс санаты" ҚР СО АЖ НАА-на сәйкес анықталады. Талап қою ісін жүргізу істерінің санаттары есептің жолдарында талап қою талаптарына сәйкес айқындалады.

Мысалы, "Жұмыстан босатылғандарды жұмысқа қайта алу туралы" жолда адамдардың жалақыны өндіру және жұмыстан босату, онымен келіспеу фактілері болған жағдайда жұмысқа қайта қабылдау туралы талап қою талаптары және жұмысқа қайта алу туралы талаптары көрсетіледі.

"Жалақыны төлеу туралы" жолында жалақыны төлемеу немесе тиісті түрде төлемеу, жәрдемақы, сыйақы, артық жұмысы үшін ақшалай қаражаты, моральдық зиянға төлеу (жұмысқа қайта алумен байланысты емес) бойынша материалдық сипаттағы талап қою талаптары көрсетіледі.

"Шартты жасаумен, өзгертумен, бұзумен және шарттық міндеттерді орындаумен байланысты даулар" жолында шарттық құқықтық қатынас саласындағы даулар туралы талап қою арыздары (істер) көрсетіледі.

Тараптардың бірі заңды тұлғалар немесе кәсіпкерлер болып табылатын шартты құқықтық қатынастармен байланысты істер "Кәсіпкерлік қызметті іске асыратын заңды тұлғалар, азаматтар арасындағы даулар" жолында көрсетіледі, соның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің нысанында заңды тұлғалардың (Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 3-бабы 1-бөлігі 31) тармақшасы) және мемлекеттік мекемелердің қатысуымен (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 105-бабы) байланысты істер "квазимемлекеттік сектордың қатысуымен" және "мемлекеттік мекемелердің қатысуымен" жолдарында көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың талап қою арыздары бойынша "Өтініш берді" 8-деректемесінде "мемлекеттік орган" басты мәні көрсетіледі, мемлекеттік органға талап қою арызын берген жағдайда, "Іс санатына қосымша" деректемесінде "мемлекеттік органға" басты мәнін таңдау қажет.

Прокуратура органдарының заңсыз әрекеттерімен келтірілген залалды өтеу туралы даулар 123-жолда көрсетіледі және олар бойынша "Іс санатына қосымша" деректемесінде "прокуратура органдары" тиісті басты мәні таңдалады.

Бірнеше талап қою талаптары біріктірілген талапты ұсынған жағдайда, олар есептің жолында негізгі талап бойынша есептелуі тиіс.

Талап қою талаптарының "негізгі" санатына жатқызылуы жөніндегі мәселені, біріктірілген істер іс жүргізуінде жатқан сот шешеді;

3) іс жүргізу түрі ерекше талап қою іс жүргізуіне жататын болса, онда "Іс санаты (статистикалық есеп үшін)" деректемесі "Ерекше талап қою іс жүргізуі ісінің санаты" ҚР СО АЖ НАА-на сәйкес анықталады. Ерекше талап қою іс жүргізуі істерінің санаты есептің жолдарында ҚР АПК 27-30 тараулардың талаптарына сәйкес айқындалады.

Мысалы, "Мемлекеттік биліктің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу" жолында мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды

тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің шешімдерін және әрекетін (әрекетсіздігін) даулау туралы істер көрсетіледі (ҚР АПК 29-тарауы), оның ішінде :

атқару құжатын орындау бойынша не сондай әрекеттерді жасаудан бас тарту туралы сот орындаушының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы істер " сот орындаушылары" (соның ішінде жеке сот орындаушылар) жолында көрсетіледі;

салықтық не кедендік берешектерді мәжбүрлеп өндіру бойынша салық не кеден органдардың әрекетін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы істер "салық органдардың әрекетін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы", "кеден органдардың әрекетін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы" жолдарында көрсетіледі;

әкімдердің, әкімдіктердің және оның құрылымдық бөлімшелерінің (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару құрылымына сәйкес) "Жергілікті атқарушы органдардың әрекетін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы" (ҚР АҚ 27-бөлім) жолда көрсетіледі.

прокуратура органдарының әрекетін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы істер жалпы жолда көрсетіледі және ол бойынша "Прокуратура органдарының әрекетін (әрекетсіздігін) және шешімдерін даулау туралы" мән таңдалады.

13. Соттың іс жүргізуіне істі қабылдауы туралы соттың ұйғарымы шыққанға дейін, алдын ала істің санатын арызды қабылдаған сот кеңсесінің қызметкерлері айқындайды.

Соттың іс жүргізуіне істі қабылдау туралы сот ұйғарымы шыққаннан кейін, кеңсе қызметкері судья ұйғарымының жоғарғы оң жақ бұрышында және ҚР СО АЖ-де көрсетілген іс санатына салыстыру жүргізеді, алшақтық болған жағдайда, сотпен келісе отырып оның өзгертілуі жүзеге асырылады.

Іс материалдарында (арызда) шет ел адамдарының, орта және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуы туралы мәліметтер, мүгедектерден, әйелдерден, кәмелетке толмағандардың мүддесіне келіп түскен талап қою арыздары туралы мәліметтер болса, онда "Іс санатына қосымша (статесептер үшін)" 11-деректемесінде тиісті кодтық белгілер көрсетіледі.

"Әйел жынысты тұлғалардың талап-арыздары бойынша" жолында жеке тұлғадан – әйелдерден, жеке кәсіпкер – әйелдерден түскен талап арыздар көрсетіледі.

Халықаралық шарттарға сот актілерінде сілтемелер болған жағдайда, халықаралық шарттың түрін таңдай отырып, "Іс жүргізу динамикасы туралы

мәліметтер (Сот шешімі)" 12-бөлімінің "Адамдардың құқықтары бойынша әмбебап конвенциялардың қолданылауымен қаралды" деректемесі толтырылады.

"Материалдар мен ұсыныстар" жолында НАА-ға сәйкес материалдар: сот тапсырмасы, іздеуге жариялау, іздеу тоқтату, іздеу үшін сома өндіріп алу, атқарушы санкцияны өндіріп алу, сот шешімнің орындалуын кейінге қалдыру, сот шешімнің орындалуын бөлу, сот шешімінің орындалу тәсілі мен тәртібін өзгерту, кейінге қалдыру, бөлу, тараптардың бітімгершілік келісімі тәсілінің өзгеруі, сот шешімін орындаудың бетбұрысы, сот орындаушысының ұсыныстарын қарау, шешімді орындау барысында сот орындаушының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беру, сот орындаушының қаулысына рұқсат беру, басқа материалдар мен ұсыныстар көрсетіледі.

14. "Берілген талаптың (талап қоюдың) мәні" 9-деректемесінде іс материалына (арызға) сәйкес қысқаша мәлімделген талаптың мәні баяндалады.

15. "Жауапкерге берілген талаптағы сомалар туралы мәліметтер" 2-тарауында , іс материалына сәйкес талап-арыздағы сомалар (теңгеде) туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АПК 104-бабына сәйкес талаптың бағасы айқындалады және 2-деректемеде тиісті сома толтырылады.

3, 5, 6, 7, 9, 10-деректемелерінде ҚР АҚ 9 және 293-баптарымен көзделген залалдар, тұрақсыздықтардың (айыппұлдар мен өсімақылар) тиісті сомалары көрсетіледі.

16. "Сот шығындары мен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы мәліметтер" 3-тарауында іс материалына сәйкес сот шығындары (теңгеде) туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АПК 109-бабына сәйкес сот іс бойынша барлық сот шығындарын береді және сот актісінде төленуге жататын баж сомасы, төленген баж сомасы көрсетіледі.

Егер сот арыз берушінің мемлекеттік бажды артық төлегенін анықтаса, онда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің 548-бабы 1-бөлігіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес сот, сот актісінде талапкердің талап қоюды сотқа өткізу кезінде артық төленген мемлекеттік баж есебінде қайтарылуға жататын мемлекеттік баждың сомасын көрсетеді.

Егер сотқа талап қоюмен прокурор жүгінген жағдайда, ҚР АПК 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар және мемлекеттік баж төлеуден талапкер толығымен босатылғанда, мемлекеттің пайдасына толық немесе тепе-тең қанағаттандырылған талап қою бөлігінде, сот шығындарын өтеуден босатылмаған жауапкерден өндіріледі. Тиісінше, төлеусіз қабылданған мемлекеттік баж сомасы "Төлеусіз қабылданған мемлекеттік

баждың сомасы", "Прокурордың талап қоюы бойынша төлеусіз қабылданғаны" деректемелерінде көрсетіледі және мемлекет мүддесіне болған жағдайда "Мемлекеттің мүддесінде прокурордың талап қоюы бойынша төлеусіз қабылданғаны" деректемесі толтырылады.

ҚР АПК 117-бабы 3-бөлігіне және Салық кодексінің 541-бабына сәйкес мемлекеттік бажды төлеуден босатылған тараптардың талап қоюын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығыстар республикалық бюджеттің есебіне жатқызылады.

Осыған орай, "Сот шығыстары мен мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы мәліметтер" 3-тарауында, Салық кодексінің 535-бабына сәйкес мемлекеттік баждың сомалары 1, 6 және 10-деректемелерде көрсетіледі.

17. "Сот шешімі бойынша өндіріп алуға жататын сомалар туралы мәліметтер" 6-тарауының деректемелерінде іс материалына сәйкес, сот шешімі бойынша өндірілуге жататын сомалар (теңгеде) туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АҚ-нің 923-бабының 1-бөлігіне сәйкес 6-тараудың 3-деректемесі азаптаумен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

18. 6-тараудың "Қылмыстық іс бойынша (Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 4-бөлімі) ақтау кезінде залалды өтеу туралы талап қоюлар бойынша өндіріп алынған сома" 4-деректемесі тек, ақтау негіздері бойынша тоқтатылған қылмыстық істер бойынша залалды өтеу туралы талаптармен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

19. 6-тараудың "Азаматтық құқықтарды бұзумен байланысты залалды өтеу туралы талап қоюлар бойынша өндіріп алынған сома" 5-деректемесі азаматтық құқықтарды бұзу туралы талаптармен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

20. 6-тараудың "Сотта ақталған адамдардың пайдасына өндірілген сома" 6-деректемесі сотта ақталған адамдардың пайдасына өндіріп алынған сома туралы талаптармен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

21. 6-тараудың "Жұмыстан заңсыз шығаруға байланысты залалды өтеуге лауазымды тұлғалардан берілген сома" 8-деректемесі жұмысқа қайта алу туралы талап қоюмен байланысты азаматтық істер бойынша толтырылады.

22. "Іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер (танысу)" 8-тарауында, іс өндірісінің динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

23. 8-тараудың 1-15-деректемелері, талап қойылған өтініштің келіп түскен күнінен бастап толтырылады.

Сот талап қоюды қабылдаудан бас тартқан, талап қоюдың ҚР АПК 149-бабының және 151-бабы 1) - 3)-тармақшаларының талаптарына сәйкес келмеген

жағдайда талап қою арызын қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады; судья талап қоюды қайтарған жағдайларда міндетті 7, 8, 9-деректемелер толтырылады.

ҚР АПК 152-бабы 1-бөлігінің 2)-тармақшасына сәйкес іс осы соттың соттылығына жатпаса, судья талап қоюды қайтарады. 8-тараудың 10,11-деректемелерінде соттың атауы және арыздың соттылығы бойынша жолданған күні көрсетіледі.

ҚР АПК 34-бабына сәйкес соттар арасындағы соттылығы туралы дауларды сот шешеді және істі басқа сотқа жолдау туралы мәселе бойынша ұйғарым шығарылады. Мұндай істер бойынша, 12-тараудың 5-деректемесінде шешімнің (ұйғарымның) шығарылу күні көрсетіледі, 12-тараудың 1-деректемесінде сот актісінің түрі – ұйғарым деп көрсетіледі, 12-тараудың 2-деректемесінде "іс соттылығы бойынша жолданды" басты мәні көрсетіледі.

Егер судья ҚР АПК 463-бабына сәйкес жаңадан ашылған мән жайлар бойынша арызды қанағаттандыру туралы ұйғарым шығарғанда және шешімнің, ұйғарымның күшін жойған жағдайда, 1-тараудың "Келіп түсу тәртібі" 5-деректемесінде "жаңадан ашылған мән жайлар бойынша шешімді жойғаннан кейін" басты мәні көрсетіледі, ал 8-тараудың 12-деректемесінде шешімнің (ұйғарымның) күшін жою туралы ұйғарымды шығару және жаңадан ашылған мән жайлар бойынша алғашқы сот актілерін жоюмен байланысты істер бойынша өндірістерді жаңарту күні көрсетіледі.

Біріктірілген іс жүргізулердің ішінен (негізгі істің нөмірін сақтай отырып) азаматтық істі негізгі іске жатқызу бойынша мәселелер іс өндірісіндегі судьяның ұйғарымымен шешіледі.

Тараптардың екі жағы да қатысатын бір тектес істер бойынша бір іс жүргізуге және бір жауапкерге әр түрлі талап қою бойынша азаматтық істер немесе әр түрлі жауапкерлерге бір талапкердің талап қоюы бойынша істер біріктіріледі.

Бірнеше азаматтық істер бір өндіріске біріктірілген жағдайда, қарау нәтижесі (сот актілері) 1 ЭАЕК-да негізгі азаматтық іс бойынша көрсетілуі тиіс.

24. Істердің барлық санаттары есептің жолдық көрсеткіштерінде есепке алынады.

Егер талап қою арызы талап қою іс жүргізуіне жататын істің санаты бойынша келіп түссе, бірақ ол бойынша басты мәні болмаса, мұндай істердің санатын басқа талап қою істеріне жатқызып, осы санатты есепке Комитетпен келісе отырып қосқаны туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына хабарлау қажет. Осындай істердің қарау нәтижелері тек нақты санаттағы істер бойынша көрсетіледі.

"Ерекше іс жүргізудегі басқа істер" жолында өткен жылдардың азаматтық істері ғана көрсетілуі тиіс.

Ескерту: 80-90, 92 жолдар бойынша сатып алу-сату, сыйға тарту, лизинг, сақтау шарттары және олардан экономикалық, технологиялық, ақпараттық қауіпсіздікке байланысты даулар (72-жол), заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік қызметті іске асыратын азаматтар арасындағы даулар (68-жол) туындуы мүмкін шарттар көрсетіледі және қажеттілікке байланысты шарттармен бірге істердің көрсетілген санаттарының анықтамалығынан басты мәндер толтырылуы мүмкін (68, 72-жолдардың көрсеткіштері).

25. 9-тарауда бұйрықтық іс жүргізудің динамикасын тоқтата тұру жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АПК 272, 273-бабының талаптарына сәйкес сот 1-деректемеде ұйғарымның шығарылу күнін көрсете отырып, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

3 -деректемеде іс бойынша тоқтатылу негіздері көрсетіледі.

2-деректемеде іс жүргізуді жаңғырту туралы ұйғарымның шығарылған күні көрсетіледі (ҚР АПК 276-бабы).

26. 10-тарауда іс жүргізудің динамикасы (Сот отырысы) туралы мәліметтер көрсетіледі.

АПК 223-бабына сәйкес істің негізі бойынша шешілетін бірінші сатыдағы сот актісі шешім нысанында шығарылады.

Шешімнің құрылымы мен мазмұны: талап қою, ерекше талап қою, ерекше іс жүргізулердің барлық түрлері үшін міндетті.

Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің конкурстық іс жүргізу шегінде қаралатын істері бойынша көзделген заңнамалық сот актілері сот ұйғарымы нысанында қабылданады. Сыртай шешімнің негізі ҚР АІЖК 256-бабында қарастырылған.

27. ҚР АПК 257-бабына сәйкес сыртай іс жүргізу тәртібінде істі қараған жағдайда сот, іске қатысушы тұлғалардың ұсынған дәлелдемелерін зерттейді, олардың уәждерін ескереді және сыртай деп аталатын шешімді шығарады.

28. 12-тараудың 7-деректемеде іс бойынша шешімнің шығарылған күні көрсетіледі.

29. 10-тараудың 4-7 деректемелерінде төрағалық етуші судьяның, сот отырысы хатшысының, прокурордың, қорғаушының, талапкердің (өкілінің) тегі және аты-жөнінің бас әріптері толығымен көрсетіледі.

30. Міндетті санаттағы істер бойынша прокурордың қатысуы туралы 7-деректеме міндетті енгізуге жатады (ҚР АПК 54-бабы).

31. ҚР АПК 189-бабы 1-бөлігіне сәйкес 10-тараудың 9 және 10-деректемелерінде соттың аудионы, бейнежазбаны және аудиожазбаны пайдалануы жөніндегі мәліметтер көрсетіледі.

12-тараудың "Сот актісінің түрі" 1-деректемесінде талап қою, ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу істері бойынша "шешім (ұйғарым)" сот актісі көрсетіледі. 2-деректемеде сот актілерін қарау нәтижелері көрсетіледі.

32. 11-деректемеде іс материалына сәйкес сот актісінің нәтижелі бөлігі көрсетіледі.

33. 13-бөлікте жеке ұйғарымдар бойынша іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АПК 270-бабына сәйкес сот отырысында орнатылған заңдылықтың бұзылу деректері бойынша тиісті мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалардың атына сот жеке ұйғарым шығаруға құқылы.

Бұл ретте, 13-тараудың 1-6-деректемелерінде жеке ұйғарымның шығару күні, ұйғарымның фабуласы, адресаты, жеке ұйғарымды жолдау күні, сонымен қатар жеке ұйғарымдарға жауаптардың келіп түскен күні көрсетіледі.

Егер жеке ұйғарым прокурордың атына шығарылса, онда 2-деректемеде "Иә" мәні көрсетіледі.

"Шешімді орындауға жолдау және орындалу нәтижесі туралы мәліметтер" 14-тарауының 4-деректемесінде шығарылған сот актісінің заңды күшіне енген күні көрсетіледі (сот бұйрығынан басқа).

34. 1 ЭАЕК-ның басқа деректемелері азаматтық істің (арыздың) материалдарына сәйкес толтырылады.

5. Апелляциялық сатылы сот қараған азаматтық іске 2 ЭАЕК енгізу ерекшеліктері

35. 2 ЭАЕК деректемелері ҚР СО АЖ-да азаматтық істің материалдарына сәйкес толтырылады.

36. 2 ЭАЕК-ның 1-тарауында 1-9-деректемелер міндетті түрде енгізіледі.

ҚР АПК-нің 52-тарауына сәйкес, заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық тәртіпте шағымдануға, наразылық келтіруге болады.

1-тараудың "Келіп түсу тәртібі" 5-деректемесі 2 ЭАЕК-ның сөздік деректемелерінің мәндеріне сәйкес толтырылады. Мысалы, іс қаулысы апелляциялық шағым және наразылық бойынша бір уақытта келіп түскен кезде "апелляциялық шағым және наразылық бойынша" басты мәні таңдалады.

37. "Іс бойынша тараптар туралы мәліметтер" 5-тарауда "Тараптар" барлық деректемелері міндетті толтыруға жатады.

38. ҚР АПК-нің 407-бабына сәйкес судьяның ұйғарымымен апелляциялық шағым немесе наразылық кері қайтарылады. 6-тараудың 3 және 4-деректемелерде қайтару күні және себебі көрсетіледі.

Апелляциялық шағым (наразылық) кері қайтарылған жағдайда тиісінше 6-тараудың 5 және 6-деректемелер белгіленеді.

Сол сияқты, жеке шағым (наразылық) кері қайтарылған жағдайда 6-тараудың 7 және 8-деректемелер белгіленеді.

13-деректемеде қаулының күшін жою және жаңадан ашылған мән жайлар бойынша іс жүргізуді қайта жаңарту туралы ұйғарымның шығарылған күні көрсетіледі.

39. 8-тарауда іс жүргізудің (сот қаулысының) динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

8-тарауының 1-деректемесінде қаулының шыққан күні міндетті түрде көрсетуге жатады. Сот шешімін (ұйғарымын) қарау нәтижесі 2 және 3-деректемелерде көрсетіледі.

40. 7-тарауының 3-7-деректемелерінде төрағалық етуші судьяның, прокурордың, қорғаушының, сот отырысы хатшысының аты-жөндері көрсетіледі.

Сот отырысында аудио-бейнетаспа құралдары қолданылған жағдайда, тиісінше 10-шы "Сот отырысындағы бейне-аудиожазбалар" және 9-деректемелері "Сот отырысындағы аудиожазбалар" "Аудиожазба" белгіленеді.

41. ҚР АПК-нің 427-бабына сәйкес бірінші сатылы сот шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге негіздер көзделген, іс жүргізу құқығының және материалдық құқық нормаларын бұзушылықтар немесе қате қолдану. Бұл ретте, 11-деректемеде "сот шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге негіз" ҚР СО АЖ НАА мәні көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 409-бабының 2-тармағына, 410-бабының 2-тармағына, 428-бабына сәйкес сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады. Бұл ретте 8-тараудың 9-деректемесінде "Иә" нышандық мәні көрсетіледі.

5-8-деректемелерде апелляциялық (жеке) шағым және апелляциялық (жеке) наразылық бойынша шешімдер туралы мәліметтер көрсетіледі.

13-деректемеде апелляциялық сатыдағы сот актісінің қарар бөлімін көрсету қажет.

42. 9-тарауда жеке ұйғарымдар бойынша іс жүргізудің динамикасы туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР АПК-нің 430-бабына сәйкес апелляциялық сатыдағы сот ҚР АПК-нің 270-бабымен белгіленген жағдай мен тәртіпте, сонымен қатар істі қарау кезінде сот тарапынан заңдылықтың бұзылуы анықталған жағдайда жеке ұйғарым шығара алады. Бұл жағдайда 7-тарауының деректемелерінде шығару күні, мағынасы, жеке ұйғарымды жолдау күні, кімге жолданғаны, бұдан басқа жеке ұйғарымға жауаптың келіп түскен күні көрсетіледі.

6. Кассациялық сатыдағы сот қараған азаматтық іске 3 ЭАЕҚ енгізу ерекшеліктері

43. 3 ЭАЕҚ іске қатысатын тұлғалардың өтінішхаттары және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылықтары бойынша кассациялық тәртіпті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына келіп түскен азаматтық іске құрылады (ҚР АПК 434-бабының 1-бөлігі).

44. 3 ЭАЕҚ-ның 1-тарауы келесі деректемелері толтырылуы тиіс наразылықтың, өтінішхаттың (істің) келіп түсуі туралы мәліметтерді қамтиды: алқадағы іс жүргізу нөмірі, бастапқы келіп түсуі, өтінішхатты (наразылықты) кім берді, шағымдалған сот актілері, сот ісін жүргізу тілі, іс санаты, өткен жылғы өтінішхаттың қалдығы.

45. Іс кері қайтарылған (4-тараудың 4-деректемесі) немесе қараусыз қалдырылған (4-тараудың 6-деректемесі) не алдын ала қарау сатысында кері шақыртылған (4-тараудың 7-деректемесі) болса, қайтару күні мен себебі (4-тараудың 5-деректемесі) көрсетіледі.

Өтінішхат (наразылық) алдын ала іс жүргізу сатысында кері қайтарылған жағдайда, 4-тараудың 5-деректемесінде кері қайтару себебі көрсетіле отырып, 4-деректеме толтырылады. Өтінішхат (наразылық) қараусыз қалдырылған кезде 6-деректеме, алдын ала қарау сатысында кері шақыртылған кезде – 7, 8-деректемелер толтырылады.

46. Біріктірген жағдайда, біріктірілген іс жүргізу нөмірі және біріктіру күні көрсетіледі.

47. ҚП АПК 438-бабына сәйкес істі сұратқан кезде сұрату күні (4-тараудың 15-деректемесі), сұратылған істер бойынша еске салу күндері (16-деректеме), істің келіп түскен күні (17-деректеме) көрсетіледі.

48. Алдын ала қарау нәтижелері бойынша шешім көрсетіледі (4-тараудың 18-деректемесі). Егер іс мерзімі бұзылып немесе бұзылмай қаралған болса (4-тараудың 19-деректемесі), онда "Иә" немесе "Жоқ" нышандық белгісімен белгіленеді. Қажет болған жағдайда "Алдын ала қарау бойынша түсіндірме" 20-деректемесі толтырылады.

49. 5-тарау іс жүргізу динамикасы туралы мәліметтерді қамтиды (сот актілерін қайта қарау), онда алқаға келіп түскен күні (1-деректеме), шешімді қайта қарау негізі (2-деректеме).

50. Өтінішхат бойынша істі қараған кезде наразылық келіп түскен (3-деректеме), іс қараусыз қайтарылған (4-деректеме), жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша наразылық немесе өтініш бойынша істі қайта қарауға негіздердің болмауы туралы қаулы шығарылған (5-деректеме), қаулының күшін жою туралы ұйғарым шығарылған және жаңадан ашылған мән жайлар бойынша

өтініш бойынша кассациялық іс жүргізу қайта жаңартылған (6-деректеме), наразылықты немесе өтінішхат кері шақыртылған (7-деректеме) қараусыз қалдырылған (10-деректеме) жағдайда олардың күні көрсетіледі.

51. Қайта қарау сатысында ҚР АПК 446-бабына сәйкес наразылық немесе өтінішхат кері шақыртылса, "Наразылықтың немесе өтінішхаттың кері шақыртылған күні" 7-деректемесі және "Наразылықты кім кері шақыртты" 8-деректемесі толтырылады.

52. Істер біріктірілген кезде біріктірілген іс жүргізу нөмірі көрсетіледі (11-деректеме).

53. "Өткен жылдан қайта қарау туралы наразылықтың немесе қаулының қалдығы" деректемесінде "Иә" немесе "Жоқ" нысандық мәні көрсетіледі. Қайта қарау бойынша түсіндірмелер қажет болған жағдайда толтырылады.

54. 6-бөлімде Шешім шығарылған күн, төрағалық етуші судьяның, баяндаушы судьяның, соттардың, прокурордың, сот отырысы хатшысының аты-жөндері көрсетілетін сот отырысының нәтижелері туралы мәліметтер толтырылады.

55. "Шешім мерзімі бұзылып шығарылды" 3-деректемесінде "Иә" немесе "Жоқ" нысандық мәні міндетті түрде көрсетіледі.

7. №2, №7, №7К нысанды есептерді қалыптастыру

56. №2, №7, №7К-нысанды есептер ҚР СО АЖ көрсеткіштерін есептеу алгоритміне сәйкес 1 ЭАЕК, 2 ЭАЕК, 3 ЭАЕК, деректерінің негізінде қалыптасады.

57. Комитет пен оның аумақтық басқармалары ҚР СО АЖ деректерінің негізінде Комитеттің ББСЖ ААЖ-нде №2, №7, №7К-нысанды есептерді қалыптастырады.

58. №2, №7, №7К-нысанды есептер өсу қорытындысымен тоқсан сайын құрастырылады.

59. Комитеттің аумақтық басқармалары №2, №7, №7К-нысанды есептер бойынша статистикалық деректерді (бұдан әрі – статистикалық кесім) есептік кезеңнен кейінгі айдың 6-күні 15 сағатта растап отырады.

Комитет республика бойынша жиынтық есепті есептік кезеңнен кейінгі айдың 8-күні Комитет Төрағасына қол қою үшін ұсынады.

Жиынтық есептер қол қойылғаннан кейін, бірақ есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірілмей ҚР ЖС Департаментіне жолданады.

Облыстар бойынша жиынтық есептерге (Комитет статистикалық кесімді бекіткеннен кейін) олардың жергілікті жерлерде сақталуын қамтамасыз ететін (

Комитетке жолдамастан) Комитеттің аумақтық басқармалардың бастықтары қол қояды.

60. Статистикалық кесім бекітілгеннен кейін №2, №7, №7К-нысанды есептерге түзетуді Комитет жүргізеді.

Есеп түзетілген күннен бастап Комитет түзетілген есептің қоса отырып ҚР ЖС Департаментіне екі күндік мерзімде тиісті хабарлама жолдайды.

Ескертпе: Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін күнге түссе, онда мерзімнің соңғы күні одан кейінгі келесі жұмыс күні болады.

8. "Бірінші сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша есеп" №2-нысанды есеп

61. Есептіліктің осы нысаны бірінші сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысын бейнелейді және 1 ЭАЕҚ деректерінің негізінде құрастырылады.

62. А кестесінде азаматтық істердің (арыздар, материалдар) қозғалысы мен қаралу нәтижелері туралы мәліметтер бейнеленеді.

63. 38-бағанда прокурордың қатысуымен қаралған істер, ҚР АПК-несәйкес мемлекеттің мүдделерін қозғайтын істер бойынша, қоғамдық мүдделерді немесе өздерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтарды қорғау талап етілгенде, сондай-ақ прокурордың қатысу қажеттігін сот немесе прокурор танығанда (ҚР АПК 54-бабы), нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын даулау туралы (ҚР АПК 300-бабы), азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы немесе азаматты қайтыс болған деп жариялау туралы істер бойынша (ҚР АПК 320-бабы), азаматтың әрекетке қабілеттілігін шектеу туралы, азаматты әрекетке қабілеті шектеулі, әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағанның өз табыстарына өз бетінше билік ету құқығын шектеу немесе одан айыру туралы істер бойынша (ҚР АПК 326-бабы), баланы асырап алу туралы (ҚР АПК 314-бабы), Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы өтініш бойынша (ҚР АПК 384-бабы), ата-аналық құқықтан айыру, қалпына келтіру, шектеу туралы, баланы алып қою туралы, бала асырып алуды жою туралы ("Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 76, 78, 79, 87, 103, 107-баптары) істер есепке алынады.

39-53 бағандарының көрсеткіштері есепті кезеңде аяқталған істер санынан шығады.

64. № 2-нысанды есептің А кестесінің жолдарында ҚР АПК-не сәйкес істердің: бұйрықтық, талап қою, ерекше талап қою және ерекше іс жүргізу,

сонымен қатар жоғалған сот немесе атқарушылық іс жүргізуді қалпына келтіру бойынша, баланы кері қайтару туралы немесе арбитраждық шешімдердің күшін жою туралы өтінішхат бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде балаға қатысты қол жеткізу құқықын жүзеге асыру туралы өтініштерді қарау бойынша санаттары көзделген. Бұл санаттар 7-нысанды есептің А, Б, В кестелері, №7К-нысанды есептің А, Б кестелері үшін біркелкі болып табылады.

65. №2 нысанды есептің №1-қосымшасында мемлекеттік баж туралы мәліметтер көрсетіледі.

Мемлекеттік баж сомасын есептік кезеңде заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша ғана ұлттық валютада (мың теңгеде) есепке алу қажет.

66. №2-нысанды есептің №2-қосымшасында соттылықты белгілеу туралы мәселені қарау жөніндегі соттардың жұмысы көрсетіледі. Қосымшаны апелляциялық саты қалыптастырады.

67. №2-нысанды есептің №3-қосымшасында жаңадан ашылған мән жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі өтініштерді қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

9. "Апелляциялық сатыда азаматтық істерді қарау бойынша есеп" № 7 нысанды есеп

68. Есептіліктің аталған нысаны апелляциялық сатылы соттардың азаматтық істерді қарауы бойынша жұмысы туралы мәліметтерді бейнелейді және 2 ЭАЕҚ деректерінің негізінде қалыптастырылады.

69. А кестесінде апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша қарау үшін келіп түскен істер туралы мәліметтер бейнеленеді.

9, 10, 11 (1, 5-бағандардан) бағандарда олар бойынша шағым және наразылық бойынша кері шақыртылған шағым мен наразылық бойынша бір уақытта келіп түскен істер бейнеленеді және тиісінше апелляциялық сатыдағы азаматтық істердің қозғалысы наразылық немесе шағым бойынша жүзеге асырылады, егер шағым кері шақыртылса, іс наразылық бойынша қаралады, наразылық кері шақыртылса, іс шағым бойынша қаралады.

70. 34-бағанда ҚР АПК 415-бабында белгіленгеннен артық мерзімде аяқталған істер ескеріледі. Іс жүргізудің ұзақтығы істің апелляциялық сатылы сотқа келіп түскен күнінен қаулы шығарылған күнге дейінгі аралықпен есептеледі.

71. Б кестесінде апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша қаралған істердің нәтижелері туралы деректер бейнеленеді.

72. Іс шағым мен наразылық бойынша бір мезгілде және наразылықты кері шақырту бойынша келіп түскен жағдайда, осы кестеде шағым бойынша істерді қарау нәтижелері бейнеленеді. Соған ұқсас шағымды кері шақыртқан жағдайда,

наразылық бойынша істі қарау нәтижелері көрінеді. Кері шақырту 5,6 және 7-бағандарда көрсетілмейді.

В кестесіне ұқсас.

73. Бір уақытта шағым мен наразылық және олардың бірін кері шақырту келіп түскен жағдайда, 5,6 және 7-бағандарда кері шақырту көрсетілмейді.

74. В кестесінде жеке шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау нәтижелері туралы деректемелері бейнеленеді.

75. Қосымшада жаңадан ашылған мән жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі өтініштерді қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

10. "Кассациялық сатыда азаматтық істерді қарау бойынша есеп" №7К нысанды есеп

76. Есептіліктің бұл нысаны кассациялық сатыда азаматтық істерді қарау бойынша жұмыс туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер бойынша алқасының жұмысын көрсетеді және 3 ЭАЕҚ негізінде қалыптастырылады.

77. Есеп бес кестеден тұрады.

А кестесінде өтінішхаттың қозғалысы көрсетіледі, Б кестесі кассациялық сатыда сот актілерін қайта қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қамтиды, В кестесі – наразылықтарымен істердің қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды, Д кестесі – шағымдалған сот актілерін кассациялық тәртіпте қайта қарау жөніндегі өтініштерді қарау туралы мәліметтерді, қосымша – жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау жөніндегі өтініштерді қарау туралы мәліметтерді қамтиды.